

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы

09 ақпан 2016 жыл

Қазақстан қор биржасы, Лондон қор биржасы және Barclays Қазақстанда IPO тақырыбына дөңгелек үстел өткізді

2016 жылдың 09 ақпанында Алматыда IPO сұрақтары бойынша дөңгелек үстел болып өтті. Бұл іс-шараны Қазақстан қор биржасы (KASE) Лондон қор биржасымен(LSEG) және Barclays Bank PLC (Barclays) бірлесе отырып, ұйымдастырды.

Дөңгелек үстел, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің басшылығымен Ұлыбританияға қазақстандық үкіметтік делегациясының сапары барысында KASE мен LSEG арасында 2015 жылдың 03 қарашасында қол қойылған, өзара түсіністік меморандумы шегінде өткізілді.

Іс-шараға 20-дан астам қатысушы, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Еуропалық қайта құру және даму банкінің, брокерлік, заңгерлік және консалтингтік компаниялардың өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелдің басты мақсаты Қазақстанның капиталдың халықаралық нарықтарына әрі қарай интеграциялануын талқылау және KASE мен Лондон қор биржасында (LSEG) саудаланатын қазақстандық компаниялардың акцияларына шетелдік инвестицияларды ұлғайту болып табылды. Сондай-ақ, пікірталасқа қатысушылар Қазақстандағы және шетелдегі листингтен өту процедурасын, маркетингтің ерекшеліктерін, тапсырыстар кітабын қалыптастыру, баға белгілеу мен есептеулердің механизмдерін салыстырып, Қазақстан қор биржасында да, Лондон қор биржасында да қазақстандық бағалы қағаздардың өтімділігін арттырудың оңтайлы механизмдерін әзірлеуді талқылады.

"Қазақстанның өз қор нарығының либерализациясына және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысын ескерсек, бүгінгі дөңгелек үстелдің маңызы зор. Қазіргі уақытта заңнамаға қажетті түзетулер енгізіліп, шетелдік инвесторларға Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттыққа қашықтан қатысуға бар мүмкіншіліктер жасалды. Қазақстанда КазТрансОйл және KEGOC сияқты компаниялардың IPO өткізілгені, Қазақстан қор биржасының сауда-саттықтың шетелдік қатысушыларының көптеген санына қызмет көрсетуге жеткілікті тәжірибесі мен техникалық мүмкіндіктері бар екендігінің дәлелі", – деді өз сөзінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бағалы қағаздар нарығының субъектілерінің қадағалау департаментінің директоры Мария Хаджиева.

Никхил Рати, Лондон қор биржасының бас атқарушы директоры және халықаралық бизнесті дамыту бойынша директоры: "KASE мен LSEG арасында жасалған өзара түсіністік туралы меморандум қазақстандық капитал нарығы үшін жаңа кезеңнің басталуын білдіреді, сондықтан біз Қазақстан қор биржасына даму бойынша жоспарларында көмек көрсету мүмкіншілікке қуанамыз. Осы келісім біздің биржаларымыздың арасында ынтымақтастықты нығайтуға жаңа мүмкіндіктер беріп, 17 қазақстандық компания Лондон қор биржасында листингтен өткенін ескерсек, Лондонның халықаралық бизнестегі жетекші сауда-саттық алаңы ретінде мәртебесін растайды. Бұл құжат LSEG ашық қолжетімділік концепциясының дұрыстығын қайта дәлелдеп, Қазақстан қор биржасының ірі аймақтық қаржы орталығына айналу жоспарын қолдайды".

Фабрицио Джордано, Barclays банкінің Орталық және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка капиталдар нарығы департаментінің басшысы: "Бүгінгі дөңгелек үстел нарыққа қатысушыларды бір-бірімен жақындастыру жағынан өте табысты болды. KASE мен LSEG арасындағы тығыз байланыс пен ынтымақтастық, екі биржаға да өте табысты болатыны күмән келтірмейді. Осымен қоса, Қазақстанның компанияларына халықаралық капитал нарықтарына қолжетімділігін жеңілдетеді, ал Barclays оларға қолдау көрсетуге дайын".

"Қазақстан қор биржасы, қазақстандық эмитенттердің халықаралық инвесторлардың арасында жылжуына, ал соның нәтижесінде қазақстандық бағалы қағаздардың ішкі және халықаралық нарықтардағы өтімділігін арттыруға бағытталған, LSEG және Barclays банкімен ынтымақтастығын жоғары бағалайды. Бәсекеге қабілеттілігін күшейту үшін, KASE халықаралық инвесторлар арасында қазақстандық капитал нарығы туралы хабардарлықты арттырумен қатар, отандық және халықаралық нарыққа қатысушылардың арасында мықты іскерлік байланысты орнату қажет", – деді өз сөзінде **KASE Басқармасының Төрайымы Алина Алдамберген.**

Қосымша ақпарат алу үшін +7 (727) 237 5342 немесе pr@kase.kz арқылы Әмір Болатқа хабарласуыңызды сұраймыз.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз өкілеттілігі шегінде басқа елдердің орталық банкілерімен және банкілерімен, өзге қаржы-несиелік институттарымен қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасының мүддесін өкілдейді. Ұлттық Банкінің приоритеті Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. www.nationalbank.kz

Barclays Bank PLC – банктік және қаржылық қызметтер көрсететін, халықаралық компания. Бөлшек және институционалдық клиенттерге қызмет көрсететін, инвестициялық банкінг, активтерді басқару, ипотекалық несиелендіру және несие карталары саласында жұмыс жүргізетін, әмбебап банк. www.home.barclays

Казахстанская фондовая биржа ТМД аймағындағы жетекші биржаларының бірі болып табылаты. оның ресми тізімінде 80-нен астам компаниялардың бағалы қағаздары енгізіліп, Қазақстанның 50-ден астам кәсіби қатысушылар KASE мүшесі болып табылады. KASE Қазақстанның қаржы нарығында қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Бұл шетел валюталарының, мемлекеттік және қазақстандық және шетелдік эмитенттердің беймемлекеттік корпоративтік облигацияларының және халықаралық ұйымдардың облигацияларының сауда-саттығына, сондай-ақ репо операцияларын жүзеге асыруға арналған әмбебап сауда алаңы. KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық кәсіби ассоциациялардың мүшесі. www.kase.kz